

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін: _____
«Айша» бөбекжай меңгерушісі:
Хайруллина С.А.



Тақырыбы:

«Менің болашақ мектебім»



«Алақай» ересек тәрбиешісі: Жиренова У.С.

2023 жыл

«Менің болашақ мектебім»

Ертеңгілік сценарийі

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар және бүлдіршіндер!
Бүгін біз бәріміз ерекше мерекеге жиналып отырмыз. Біздің бүлдіршіндеріміз жақын арада мектеп табалдырығын аттап, білім әлеміне алғашқы қадамдарын жасайды. Ендеше, «Менің болашақ мектебім» атты мерекелік ертеңгілігімізді бастайық!

(Көңілді әуенмен балалар залға кіреді.)

Такпақтар

1-бала:

Мектебіме барамын,
Арманыма жетемін.
Әліппемді қолға алып,
Білім жолын көремін.

2-бала:

Қоңырау үні сынғырлап,
Шақырады біздерді.
Ұстазымды тыңдаймын,
Орындаймын істерді.

3-бала:

Сөмкем дайын, дәптерім,
Қалам, кітап қасымда.
Мектебіме асығам,
Қуаныш бар жанымда.

4-бала:

Достарыммен бірге мен,
Сабақ оқып өсемін.
Тәуелсіз елдің ертені,
Білімменен көгеремін.

Ән

«Мектепке барамыз» (балалар орындайды)

Ойын: «Сөмкені дұрыс жина»

Ортаға екі бала шығады. Үстелде оқу құралдары мен ойыншықтар араласып тұрады. Белгі берілгенде балалар мектеп сөмкесіне тек қажетті оқу құралдарын жинайды.

Көрініс: «Бірінші қоңырау»

Мұғалім:

– Балалар, мектепке не үшін барамыз?

Балалар:

– Білім алу үшін!

Мұғалім:

– Сабақта қалай отырамыз?

Балалар:

– Тәртіп сақтаймыз, мұғалімді тыңдаймыз!

Мұғалім:

– Жарайсыңдар! Білімді бала – елдің болашағы.

Би

«Бақытты балалық шақ» биі.

Ойын: «Сұрақ-жауап»

Жүргізуші балаларға сұрақтар қояды.

- Бір аптада неше күн бар?
- Қазақ әліпбиінің алғашқы әрпі?
- Қай мезгілден кейін күз келеді?
- Мектепте кім сабақ береді?
- Дәптерге немен жазамыз?

Балалар жауап береді.

Ән

«Әліппе» әні.

Ойын: «Кім жылдам?»

Екі топқа бөлінген балалар текшелерден мектептің бейнесін құрастырады.

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Бүгінгі бүлдіршіндеріміз мектепке дайын екендіктерін өз өнерлерімен көрсетті. Олар – еліміздің жарқын болашағы. Балаларымыз білімді, тәрбиелі, елін сүйетін азамат болып өссін!

Балалар хормен:

*Білім алып өсеміз,
Арманға біз жетеміз.
Болашаққа нық қадам,
Мектепке біз кетеміз!*

Қорытынды ән

«Біз мектепке барамыз»

Жүргізуші:

Осымен «Менің болашақ мектебім» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Назар қойып
тыңдағандарыңызға рақмет!

Анықтама

Өткен күні: 18.11.2023

тақырыбы: «Менің болашақ мектебім»

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Өткізу түрі: Танымдық-мерекелік ертеңгілік

Мақсаты:

Балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту, мектепке деген қызығушылығын арттыру, білімге құштарлыққа тәрбиелеу. Болашақ бірінші сынып оқушысының міндеттерімен таныстырып, өз ойын еркін жеткізуге, достыққа, ұйымшылдыққа және жауапкершілікке баулу.

Міндеттері:

- Балалардың мектеп туралы білімдерін толықтыру;
- Оқу құралдарын дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- Өлең, ән, би және ойын арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Ұстаздарға, ата-аналарға және достарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Қатысушылар саны: 22 бала